

Қазақстан Республикасы Сәулетшілер одағы XVIII съезінің ҚАРАРЫ

Алматы қ.

2024 жылғы 14 қыркүйек

Өз тарихын 1936 жылдан бері бастаған Қазақстан Республикасының Сәулетшілер одағы (ҚР СО) – елеулі шығармашылық және ғылыми жетістіктері бар тәжірибелі, кәсіби сәулетшілерді өз қатарына біріктіретін ертеден келе жатқан қоғамдық шығармашылық ұйымдардың бірі. ҚР СО Халықаралық Сәулетшілер одағының (ХСО, Париж қ.) және Сәулетшілер одақтарының халықаралық қауымдастығының (СОХҚ, Мәскеу қ.) толық құқықты мүшесі болып табылады. Одақ өкілдері халықаралық кәсіби қауымдастықтарының түрлі іс-шараларға, көрмелерге, конкурстарға, конгрестер мен конференцияларына жүйелі түрде қатысады.

ҚР СО өз құзыреті шеңберінде Қазақстанда сәулетшілердің адам үшін жайлы, қауіпсіз әрі эстетикалық жағынан қолайлы ортаны құруға бағытталған шығармашылық күштерін шоғырландыру бойынша үлкен жұмыс жүргізеді. Соңғы кездері қалалардың құрылысын салу мәселесінде тығыз құрылыс, аумақтардың құрылысын қала құрылысы нормаларын бұза отырып салу, кейбір жеке жағдайларда сүреңсіз сәулет келбетінің іске асқан жағдайлары орын алып отыр. Мұның негізгі себептері – қала және облыс бас сәулетшілерінің рөлінің төмендеуі, жергілікті сәулет және қала құрылысы органдарының арнайы сәулетшілік білімі жоқ мамандар басқаратын басқа салалық органдармен бірігуі.

Өзінің азаматтық және кәсіби жауапкершілігін сезіне отырып, қоғамның сәулет және қала құрылысы саласындағы мүдделерін құрметтеу және қорғау қағидаттарына сүйене отырып, сондай-ақ сәулет практикасы мен ғылымын одан әрі дамыту және жетілдіру мақсатында ҚР СО XVIII съезінің делегаттары мынадай **шешімдер** қабылдады:

1. Жобалау саласындағы заңнама мен нормативтік базаны жетілдіруге белсенді қатысу арқылы сәулет және қала құрылысын жобалаудағы жұмыстардың сапасын арттыру. Мемлекеттік сәулет және қала құрылысы органдарымен, сондай-ақ облыс және қала әкімдіктерімен «ҚР Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» заңды жүзеге асыру бойынша бірлескен жұмыс туралы» меморандум жасап, жөнінде тұрақты жұмыс жүргізу.
2. ҚР СО сәулет-қала құрылысы кеңесінің отырыстарында жобаларды жүйелі түрде қарауды жүзеге асыру, жергілікті атқарушы органдардағы сәулет-қала құрылысы кеңестерінің отырыстарына ҚР СО мүшелерінің міндетті түрде қатысуы.
3. ҚР жаңа Қала құрылысы кодексінің (ҚР Құрылыс кодексі) жобасын және Қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту тәртібі туралы нұсқаулық жобасын талқылауға белсенді қатысу және ҚР Сәулетшілер одағы атынан сындарлы ұсыныстар енгізу.
4. Қалалар мен ауылдық елді мекендерді тұрақты дамытуға, сондай-ақ жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыруға бағытталған маңызды құрал ретінде жергілікті атқарушы органдар жанынан сәулет-қала құрылысы кеңестерін құруға және олардың жұмысын жаңғыртуға ықпал ету.
5. Жергілікті атқарушы органдардың басшыларына сәулеттік жобалауда тәжірибесі бар, ұйымдастырушылық және шығармашылық қабілеттерін жоғары дәрежеде көрсеткен ҚР СО мүшелері арасынан облыстардың, қалалардың және аудандардың бас сәулетшілері лауазымдарына кадрларды іріктеуге жәрдемдесу.
6. Қалалық және ауылдық елді мекендердің сәулеттік келбетін анықтайтын ірі қоғамдық ғимараттарды жобалауға және аумақтарда құрылыс салуға сәулет және қала құрылысы

конкурстарын міндетті өткізу. ҚР Сәулетшілер одағы атынан заң нормаларына қалалар мен елді мекендердің бас жоспарларына шығармашылық конкурстар ұйымдастыру жөнінде ұсыныс беру.

7. Сәулет мұрасының нысандарын сақтау, тарихи және мәдени ескерткіштерді ұқыпты пайдалану бойынша ҚР СО жұмысын жандандыру, сондай-ақ қаланың тарихи ортасын қалпына келтіруді және реконструкциялауды реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарды қабылдауға бастама жасау.
8. Сәулетшілердің авторлық құқықтары саласындағы кәсіби мүдделерін қорғау жөніндегі жұмысты жалғастыру. ҚР «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заңын зерттеп, қажет болған жағдайда сәулет, қала құрылысы және құрылыс мәселелері бойынша толықтырулар енгізу.
9. Сәулетші-мамандарды лицензиялаудың мемлекеттік қызметін кәсіби қауымдастықтарға беруді ҚР Қала құрылысы кодексінің (ҚР Құрылыс кодексі) жобасына енгізу.
10. Дамыған елдерде сәулеттік жобалаудағы баға белгіленімін және демпингпен күрес жөнінде заңнаманы зерттеу.
11. Сәулет және қала құрылысы саласындағы білім мен ғылымның сапасын тәжірибелі практик-сәулетшілерді тарту және ғылыми зерттеулерді өзекті практикалық міндеттерді шешуге бағдарлау арқылы жетілдіру және арттыру.
12. ҚР СО жаңалықтары, Одақ өкілдерінің қатысуымен өтетін іс-шаралар, қызықты жобалар, сәулеттік конкурстар, көрмелер және ҚР-дағы сәулет, қала құрылысы және дизайн саласындағы басқа да өзекті жаңалықтар жарияланатын ҚР СО дайджесттерін жариялауды жалғастыру.
13. Жас сәулетшілер клубын белсенді дамыту, белсенді жастарды тарту, дарынды мамандарды анықтау үшін оларға іс-шаралар мен конкурстар ұйымдастыру.
14. Басқарма мен Одақтың бастауыш ұйымдарының басшылары ҚР СО мүшелерінің құрамына жас мамандарды тарту бойынша жұмыс жүргізсін.
15. Одақ өткізетін іс-шараларға кәсіби одақтарды (ҚазХСАМ, ҚР Қала құрылысы одағы, ҚР Жобалаушыларының ұлттық қауымдастығы, ҚР Дизайнерлер одағы, ҚР Жобалаушылар одағы, «Сараптама ұйымдарының палатасы» АСҰКБ) серіктес және бірлескен ұйымдастырушы ретінде белеенді тарту.
16. Халықаралық сәулет қоғамдастықтарымен жұмысты жалғастыру, ТМД Сәулетшілер одақтарының халықаралық қауымдастығымен (СОХҚ), Орталық Азия елдерінің Сәулетшілер одақтарымен жұмыс жасауды жалғастыру.
17. Қазақстан Республикасының сәулет және қала құрылысындағы жетістерін ұсынатын сәулет, қала құрылысы және кеңістіктікті дамыту саласындағы халықаралық іс-шараларға белсенді қатысу.
18. ҚР СО мүшелері аса маңызды сәулеттік жобалар, аумақтар мен қалаларды дамыту жөнінде күрделі мәселелер бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет ресурстарында белсенділік танытсын.
19. Сәулет және қалалар құрылысын дамыту мәселелері бойынша көрмелер ұйымдастыруға және түрлі конференцияларды өткізуге жобалау ұйымдарынан, арнайы қорлардан демеушілік көмек тарту.

Қарар Ғ.С.Садырбаев, Б.О.Құспанғалиев, С. А. Фазылов, Т.Е.Ералиевтің, А. Ә. Тәтіғұлов, А. Ж. Әбілов, С.Б.Мусин, Ж. Ә. Айтілеу, А.А. Мәметов, Н.Н. Юрашевич, Б.Б.Ережепов, қатысуымен әзірленді.